

Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1996 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 8 қазандағы N 3122

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңының Z939000_13-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер 1996 жылдың қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының қатарынан запасқа шығарылсын.

2. 1996 жылдың қазан-желтоқсанында шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінге қалдыру құқығынан айырылған жасы үлкен азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, жергілікті атқару органдары облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, шақыруды ұйымдасқан түрде өткізу және мерзімді әскери қызметін өткеру үшін шақырылған азаматтарды әскерге жөнелту жөнінде қажетті шараларды қолданатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті Бас прокуратурамен бірлесіп мерзімді әскери қызметке шақырылудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту шараларын қолдансын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті